



СӨЖ

Дайындаған: Шарапова З

Қабылдаған: Пазылова К

Тақырып: Тұлға

Мазмұны:

Тұлғааралық қатынас

Тұлғалық белгілер

Индивид. Адам

Тұлғаның бағыттылығы

- **Тұлға** — жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым.

- **Тұлғааралық қатынас**
- **Тұлғааралық қатынас** — этнопсихологияда әрбір тайпаның, халықтың ұлттық дәстүрлерге байланысты әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері және т.б. Тұлғааралық қатынас әрбір халық пен ұлттың этностық қарым-қатынас ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Мысалы, қарым-қатынастың абысын-ажын арасындағы сақина-жүзік, білезік алмасу; ер-азаматтар арасында ер-тоқым алмасу; сауға тарту, сәлемдеме жолдау және т.б. түрлері болған. Сол сияқты, ізет, құрмет, сыйластық сезімдері де адамдар арасындағы қатынастың бір түрі болып саналады.

- **Тұлға күші**-білімге, бабылдық пен ынтымақтастыққа негізделеді. Тұлға күші-ақыл-ойды жүрегімен сезген және іске асырған даналығы мен тәжірибе
- Тұлға күшін-молшылық, билік, даңқ және қызметтік жағдаймен салыстыруға болмайды. Мұндай күштілік уақытша қызмет жағдай, мәртебеге байланысты сағымда болумен тең. Қызмет жағдайы тоқтағанда мұндай тұлғалық күш жойылады. Сондықтан, мұндай тұлғалық күш көз баямалық сипатқа ие болады. Тұлға күші кедей, бай немесе білімді, білімсіз деп талғап барып келмейді және сонымен бірге ол кездейсоқта берілмейді.

- Тұлға күші күнделікті тәжірибеге байланысты жинақталып, **төрт ықыластан** тұрады.
- 1. Қиындықты жеңіп шығу.
- 2. Өзін-өзі бақылау.
- 3. Үндестікте болу.
- 4. Мұраттылық.

- **Индивид (жеке адам)**-тұқымқуалаушылық қасиеттердің жалпы генотипін тасымалдаушы, биоәлеуметтік тіршілік иесі. Адам дүниеге келгенде индивид болып туылады. Ол қоғамдық қатынастардың объектісі, әрі субъектісі. Қатынастар ықпалын сезіну мен бірге қатысушы, әрі оны терең бойлаушы. З.Фрейд ілімі бойынша, үнемі қоғам ішінде болып оның ықпалын сезінуші, әрі оған қарсы тұрушы биологиялық тұйық жан.

- **Адам-жоғарғы психикалық қызметті арқасында меңгеру, жасау, өзгерту қабілетіне ие саналы биоәлеуметтік тіршілік иесі, қоғамдық-тарихи дамудың жемісі әрі сол қоғамдық өмір жемісі болып табылатын сананы таратушы. Өзіндік сана-сезімі адам сана дамуының филогенездік, онтогенездік дамуының шыңы**

Даралық - түрлі тәжірибе, білім, пікір,
сенім, мінез-құлық,
темпераменттермен көрініс береді.
Даралық негізгі параметрлері: себеп,
темперамент, қабілет, мінез.

- Адам мүмкіндіктері. Адамның 5 түрлі мүмкіндіктері бар. Олар: гнесологиялық, аксиологиялық, шығармашылық, коммуникативті, Көркемдік мүмкіндіктер.

- **1. Гнесеологиялық (танымдық) мүмкіндік** алынған мәліметің көлемі, сапасымен өлшенеді. Бұл мәліметтер сыртқы ортаға қатысты оның табиғи және әлеуметтік жағдайына және өзіндік танымына байланысты жинақталады.
- **2. Аксиологиялық (құндылық) мүмкіндіктер**- тұлғаның әлеуметтану процесінде болатын адамгершілік, саяси, діни, эстетикалық бағыттарға қатысты құндылықтар жүйесіндегі мақсатқа талпыну мен көзқарастарына байланысты туындайды. Бұлар психологиялық және идеологиялық жағдайлар бірлігінде болып, тұлғаның санасы мен өзіндік санасының эмоциональдық-еріктік, интеллектуальдық механизмдерінің анықталуымен және өмірлік дүние танымының, көзқарасының,

- **3. Шағармашылық мүмкіндіктер**-өз бетінше анықталған білігі мен дағдысы, продуктивті және репродуктивті, құру жасау немесе бұзудағы әрекеттік қабілетімен, оларды орындаудағы еңбек жемісімен көрінеді.
- **4. Коммуникативті мүмкіндіктер**-басқа адамдармен байланысқа түсу формасы, өлшемімен белгіленеді. Тұлғааралық қарым-қатынас әлеуметтік рольдер жүйесінде көрініс береді.
- **5. Көркемдік мүмкіндіктер**-көркемдік қажеттіліктің деңгейі, мазмұны, үдемелі және оны қанағаттандыруымен белгіленеді. Тұлғаның көркемдік белсенділігі шығармашылықта, кәсіпте, өзіндік іс-әрекеті мен өнер туындыларын пайдалануда ашыла түседі.